

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

*Досова А.Т.¹, Испандиярова А.Т.²

*¹ф.ғ.к., А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің қауымдастырылған профессоры, Қостанай, Қазақстан,

²А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің докторанты, Қостанай, Қазақстан,

*¹e-mail: almdosova@mail.ru

²e-mail: ispandyarova@mail.ru

Аңдатпа. Ахмет Байтұрсынұлының бай мұрасын зерттеу ХХІ ғасырдағы қазақ ғылымындағы өзекті тақырыптардың бірі деп санаймыз. Себебі ақынның шығармаларында қазақ ұлтының болмысы, тұмыс-тіршілігі, болашаққа деген сенімі көрініс тапқан.

Зерттеудің мақсаты – ақын шығармаларының танымдық сипатын айқындайтын адам концептісінің қызметін зерттеу. Зерттеу нысанына *Қырық мысал* жинақтарына енген мысалдар алынған. *Адам* бейнесі концептілік талдаудың ұтымды тәсілі - ойсуреттер арқылы ашылған. Автор аллегория әдісі арқылы қоғамдағы адамдарның жақсы және жаман қасиеттерін сипаттаған. Ақын мысалдарындағы адам концептісі *менмендік, өз әліңді білу* фреймдерінде көрініс тапқан.

Ахмет Байтұрсынұлының *Қырық мысал* жинағын ұлттық дүниетаным, тәрбие, мораль сияқты қазақ халқының өмір сүру қағидаттарын қамтитын еңбек деп бағалауға болады. Ақынның әр мысалының соңында түйінделген ойлар оқырманды жаман қасиеттерден жирендіруге бағыттайды.

А.Байтұрсынұлы шығармалары тіліне концептілік талдау жасау арқылы қазақ дүниетанымында адам тұжырымы туралы түсінік қалыптастыру зерттеудің теориялық маңыздылығын айқындайды. Жұмыстың теориялық нәтижесін Когнитивтік лингвистика, Этнолингвистика, Лингвомәдениеттаным, Мәтін лингвистикасы сияқты курстарда пайдалануға болады. Сондай-ақ Стилистика және тіл мәдениеті, Көркем мәтінді лингвистикалық талдау пәндері бойынша өтетін тәжірибелік сабақтарда көмекші материал ретінде қолдануға болады.

Жинақта авторлық қолданыстағы оккозионалды тілдік бірліктер шығарма тіліне стильдік реңк пен эмоционалды нақыш беруде ұтымды пайдаланылған. Автор осы тілдік бірліктер арқылы *адам* бейнесін өзіне ғана тән ақындық шеберлікпен сомдай білген. Ақынның шығармаларының танымдық сипатын қарастыра отырып, автордың поэзиясының қазақ халқының ұлттық мінезін, дүниетанымын айқындап көрсеткеніне көз жеткіздік.

Тірек сөздер: тіл, мәтін, концепт, ұлттық дүниетаным, ойсурет, фрейм, когнитивтік лингвистика, адам бейнесі

Негізгі ережелер

Зерттеу ХХ ғасырдың екінші жартысында басталған жаңа лингвистикалық бағытта жүргізіліп отыр. Көркем мәтін тіліне концептілік талдау жүргізу мәселесіне қызығушылық, ең алдымен, гуманитарлық білімнің ғылыми парадигмасының өзгеруімен байланысты болды. Антропоцентрлік парадигма ғылымда басым болған жүйелік-құрылымдық парадигманың

орнына келді. Лингвистикалық категорияларды танытатын тілдік бірліктердің мазмұндық жағын концепт термині ашып көрсетеді. Жұмыс көркем мәтіндегі адам концептісін зерттеуге, оның мазмұнын сипаттауда қолданылған тәсілдер мен тілдік бірліктердің мәнін анықтауға арналған.

Кіріспе

Концепт - мәдениет, сана және тіл саласындағы ғылыми зерттеулерді біріктіруге арналған бірлік, өйткені ол санаға жатады, мәдениет арқылы анықталады және тілде анықталады [1, 37 б.].

Мәтіннің негізгі мағынасын қамтитын концепт мәтіннің бөлігі ретінде, мағынаның архетиптік және мифопоэтикалық параметрлерін, әлем туралы діни-философиялық және мәдени-тарихи білімді қамтитын мәдени-семиотикалық құбылыс ретінде қарастырылады [2, 27 б.].

Сөздің белгілі бір суретшісіне тән ұғымдардың мазмұны оның авторлық дүниетанымының ерекшеліктерімен, көркем-бейнелі дүниетаныммен және әлемнің жеке авторлық бейнесімен анықталады. Ондай бейнеге Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының тұлғасын жатқызамыз. Белгілі ғалым А.Ісімақованың *Алаш әдебиеттануы* еңбегінде Ахмет Байтұрсынұлының қандай қиын қыстау жағдайда да ұлт мүддесін, серіктестерін ешқашан сатпағанын, азаматтық-адамгершілік бағытынан ауытпағаны туралы айтылады [3, 115 б.]. Ақынның И.Крыловтың өлеңдерінен аударған мысалдары енген *Қырық мысал* жинағын қазақ қоғамындағы адамдардың мінез-құлқын, адами қасиетін, тыныс-тіршілігін дәл көрсеткен еңбек деп бағалауға болады.

Материалдар мен әдістер сипаттамасы

Ахметтің сол кезде алдына қойған екі мақсаты болды. Біріншісі - әлі де болса қараңғылықтың қалың ұйқысында мүлгіген өз халқына ой тастап, білімге ұмтылуға шақыру. Сондықтан ол мысалдардың қазақ ұғымына, тыныс-тіршілігіне сай, көркемдігі басым, ғибраты мол түрлерін таңдауға тырысты. Сол арқылы тек жаттанды ақыл, құрғақ үндеумен емес, ой-сананы оятар, жұғымды да өтімді, үлгілі өлең жолдарымен әсер етуге ұмтылды. Сондықтан да мысал текстінің толық сақталуына емес, оның өлеңдік қуатына, поэтикалық әсерлігіне басты назар аударды. Ахмет Байтұрсынұлының алдына қойған екінші мақсаты - халықты қоғамдық-әлеуметтік көкейкесті мәселелерді танып білуге үндей отырып, азаттықтың жолын аңғарту, бостандық күнге ұмтылуға жол сілтеу [4, 85 б.].

Ахмет Байтұрсынұлының *Қырық мысал* жинағындағы мысал өлеңдердің сюжетіне талдау жасай отырып, азаматтық қоғам қалыптастыруда адам концептісінің көрінісін айқын байқаймыз. Соның ізімен нағыз адам болудың қыр-сырын түсінеміз. *Қырық мысал* жинағындағы адам концептісінің мазмұны ойсурет арқылы көрініс тапқан. Соның ішінде аллегория тәсілі арқылы кейіпкерлердің мінез-құлқы ашылған.

Талқылау

Адам бейнесі гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларында жан-жақты қайта қарастырылуда. Адам үшін танымның ең маңызды нысаны-адамның өзі, өйткені әлемді білу өзін-өзі танудан басталады. Адам ұғымы мәңгілік құндылық ретінде кез келген тілдің негізгі сөздерінің бірі болып табылады. Ол кез келген мәдениеттің ұлттық бейнелерін вербализациялайды. Адам концептісінің мазмұны өте кең және әртүрлі, өйткені ол адамның ішкі және сыртқы қасиеттерінің барлық өлшемдерін қамтиды. Лексикографиялық дереккөздерге сүйенсек, адам басқа тіршілік иелерімен салыстырғанда жоғары организм болып табылады, ол ойлауға, құрал жасауға және оларды қолдануға қабілетті. Тілдік деректер адам сөзінің мән-мағынасының әлдеқайда кең екенін көрсетеді. Ғалым Ю.Степанов барлық мәдениеттердегі *адам* концептісін салыстыра отырып, адамның үш табиғи өлшемін немесе сипатын атайды: 1. Адам әлемге қатысты, сол арқылы құдайға қатысты; 2. Адам өзі ұқсас келетін өзінің тегіне, руына, тайпасына қатысты, жалпы өзіне және бөтен адамдарға қатысты; 3. Адам қоғамға қатысты. Бұл бір семиотикалық қатардың үш фазасы. [5, 698 б.]. Ғалымның пікірінше, осы үш аспекті арқылы адамның толық бейнесін көруге болады.

Қазіргі қазақ қоғамында жастарды адами қасиеттерге тәрбиелеуде ақынның шығармаларында көтерілген мәселелер мен айтылған ойларын саралап көрсетудің маңызы зор деп ойлаймыз. *Адам* тұжырымы Абай Құнанбаев еңбектерінде жан-жақты ашылған. Қазақтың ұлы данышпаны Абайдың *Атаңның баласы болма, адамның баласы бол* атты қанатты сөзі адамдықтың негізгі қағидасына айналса, Ахмет Байтұрсынұлының *тұқымын адамдықтың шаштым, ектім, көңілін көтеруге құл халықтың* деген отты тіркестері адамдық концепциясының өмірлік ұраны болып табылады.

Ахмет Байтұрсынұлы ағартушы, ғалым, қоғамдық-саяси қайраткер ретінде қандай ірі тұлға болса, ақындық өнерде де қайталанбас орны бар. Туған әдебиетімізде тұтас бір дәуірді бейнелейтін кесек білімді дарын иесі [6, 67 б.], - дейді белгілі әдебиет зерттеушісі Серік Қирабаев. Зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлының поэзия өнеріне үлкен баға берген. Ақынның *Қырық мысалындағы* шығармалардан автордың өзіндік дара стилін, сөз саптаудағы ақындық шеберлігін көре аламыз. Жинақтағы мысалдардың сюжеті қоғамдағы адамдардың жақсы қасиеттерімен қатар, жағымсыз мінез-құлықтарын ашып көрсетіп, жұртшылықты жамандықтан жиіркеніп, асыл істерге тәрбиелеуді мақсат еткен деп ойлаймыз.

Нәтижелер

Екі шыбын мысал өлеңінің оқиғасы кейіптеу тәсілі арқылы баяндалады. Автор қазіргі қоғамда әлі күнге дейін өз шешімін таппаған мәселелерді арқау етеді. Біреудің арқасында жетісікке жетіп, кейін ол жетістікке *өзім жеттім* деп мұрындарын көкке көтеретін адамдардың әлі күнге дейін азаймағандығын, осы секілді *міндетсіну* мәселесін де көтереді. Кей адамдар басқаларға жақсылық жасай отырып, оның өтемін сұрайды, не болмаса өздері өз еркілерімен көмектеседі де, кейін «сен, маған борыштарсың», - деп екіжүзділік танытатын адамдардың қасиеттерін әшкерелейді. Сонымен қатар, *менмендік*

фреймдік қолданыстарды тілге тиек етеді. Біреудің көлеңкесінде, ықпалында жүріп, кішкене жетістікке жетсе болды, қасындағыларды менсінбей қалатындарды қатты сынға алады. Олар өмірдегі шындықтан бөлек, өздерінің ой-саналарында барлық жұмысты өздері атқарғандай сезінеді, өзгелердің еңбегін ескермейтін, бағалай алмайтын қасиеттер осы кезде орын алатындығы туралы сөз етеді. Автор бұның қаншалықты ақымақ, әрі сыртқа күлкілі көрінетіндігін *біреудің шылауында жүріп текке* тіркесі арқылы дәлелдейді.

Осы мысалдағы *адам* концептісінің негізгі фреймі – *өз әліңді білу*. Шынымен де, өз шама-шарқынды біліп, өзіңді асыра бағалаушылық жасамау қасиеттері екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өзгелердің алдында өзіңді мықтымын деп айтуға асықпай, әуелі өзгелердің де мықтылығын тексеріп, сосын шешім шығару керектігін үндейді. «Өзім бәрін білемін, өзім дей бермей, өзгелерге де құлақ асуды үйрену адами қасиеттердің ең жоғарғысы,» -деп қорытындылайды.

Дәл осы *өз әліңді білу* фреймін *Өгіз бен бақа* мысалынан да көре аламыз. Автор бұны *әлін білмес әлек* деп баяндайды:

Нақыл сөз «*Әлін білмес әлек*» деген

Осындай әуре болған жаннан қапты[7, 25 б.].

Демек, адам концептісінің мазмұнын ашуда өз-өзіңе есеп беру, шама-шарқынды дұрыс білу сынды қағидалар арқылы тәрбиелік қызметті сипаттайды.

Келесі *Емен мен қамыс* мысалының да көтерген тақырыбы – менмендік пен мақтаншақтық. Осы қасиеттер адамды жетістікке емес, құрдымға әкелетіндігін көрсетеді. Сондықтан да, адам болу жолында бос мақтану сені мықты қылмайды, тіпті сенің мықтылығыңнан бұрын ақылың мен біліктілігің саған көбірек пайда әкеледі. Өз күшіне сеніп қалудан аулақ болуға үндейді. Автор *она жоқ құр айласыз мықтылықтан* тіркесі арқылы адам бойындағы күш білім мен ақыл екендігін түсіндіреді.

Кісі мен арыстан мысалында адамдардың өз күштеріне тым қатты сеніп, ақыры жұртқа мазақ болуы баяндалады. Бұл мысалдың негізгі идеясы – өз күшінің әлін білуге, бостан бос мақтанбауға үндеу. Бұл мысалдағы *адам* концептісі мазмұны сценарий арқылы берілген. Мысалдың толық сюжетіне назар салу арқылы негізгі тәрбиелік түйінді көруге болады. Оқиға аңшының аңдарға тор құрып, аңдарды қырып, ұстауынан басталады. Бір күні сол торға арыстан кез болады, бұны сыртынан қарап тұрған аңшыны байқап қалып, арыстан ақырып аузын ашады. Аңшыға күш сынасуға ұсыныс білдіреді. Сонда аңшы өзінің арыстан секілді күшті емес екенін, қиын істі тек ақылымен шешетінін айтады. Аңшы өз шындығын арыстанға жайып салады. Айтылған шындықты дәлелдеу үшін қылдай өрмекті көрсетеді, оны азаптанып құрғандығын да баяндайды. Аңшы енді арыстанға ұсыныс тастайды. «Осы тордан әуелі мен өтейін, сосын мықты болсаң сен өтерсің, қайратың мен мықтылығыңды естісем де, көрмеп едім», - дейді. Осылайша, адам тордан лезде өтіп кетеді. Арыстан болса, өзінің күшіне сеніп, зу етіп өтемін дегенде торға түседі. Осы сюжеттен туындайтын адам концептісінің тәрбиелік мағынасы – *білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады*. Арыстан секілді

кей адамдар өздерінің күштеріне ғана сеніп, ақыры текке мазақ болады. Құр мақтанға салынбай, ақылмен ойланып шешім шығаруға тәрбиелейді.

Екі бөшке мысалында адамдардың екі түрлі қасиеті баяндалады. Бірі - аз сөйлеп, көп іс тындыратын болса, екіншілері – көп сөйлеп, аз жұмыс тындыратындар. Мысал сюжеті бойынша бос бөшке шаршап, гүрілдеп келе жатады, оны көрген жұрт ішінде заты ауыр шығар деп, оған жанталаса жол береді, ал ішінде заты толып тұрған бөшке дыбыс шығармай жүреді, бұған жұрт аса қатты мән бермейді. Автор бұдан былай түйін шығарады:

Билігін өздеріңіз айтыңыздар,

Бөшкенің қайсысының пұлы қымбат? [8,44 б.].

Автор бөшкеге жан бітіре адамдарды сыртқы бейнесіне ғана қарап, шешім шығармау қажеттігін, адамдардың қайсысы адал, қайсысы арам екендігін тек онымен бірге жұмыс жасап, араласу арқылы ғана біле аламыз дейді.

Үндемей өз ісін істейтін адамдардың шынайы келбетін тек олармен жақынырақ араласып, танысу арқылы ғана біле аламыз. Түйіндей келе, *сырт көз алдамшы* деген стереотиптік ойға келеді.

Емен түбіндегі шошқа мысалы. Бұл мысалдың өзегі диалог арқылы өрбиді. Оқиға шошқаның емен түбіндегі жемістерді жеп, қарнын тойдырып алуынан басталады. Қарны тойып, ұйықтап алған шошқа, енді еменнің түбін қаза жөнеледі, бұны байқап қалған құзғын: «Емен қурап, өліп қалады ғой,»- деп шошқаға ақыл айтып, ескерту жасайды. Бұған міз бақпаған шошқа: «Қураса да, күйіп кетсе де маған бәрбір, бастысы жейтін жемісім бар,»- деп еменге тіптен мән бермейді. Бұны естіген емен күңіреніп кетеді. Емен шошқаға жақсылықты білмейтінін бетіне басады. Автор бұл мысал арқылы надан адамдардың іс-әрекеттерін әшкерелейді. Өздері істің байыбына бармаса да, барлығын білгіш болып жүретін адамдардың бар екендігін көрсетеді. Кез келген шешім қабылдас бұрын, жасап жатқан ісім дұрыс па деп ақылға салуға шақырады. Осы ойды *жоғары қарай алсаң, білер едің* тіркесімен дәлелдей түседі. Автор сюжеттен туындайтын тәрбиелік қызметті *надан болмай, нағыз адам бол* деген қағидасынан аңғарамыз.

Келесі мысал өлең *Есек пен үкі* деп аталады. Бұл мысал *көп білетін адамнан сұрама, көп көргеннен сұра* стереотипімен тұспа-тұс келеді. Автор бұл сюжет арқылы ғибрат-үлгі тастайды. Есек секілді *біреуге тәуелді өмір сүруден аулақ болуға* шақырады. Басты философиялық ой-толғамдардың бірі – ғылымсыз надан адам соқыр адаммен теңбе-тең.

Автор осы *надандық кесанаты* фреймін сол замандағы Алашпен ассоциациялайды. Бұл жерде анық *Алашыма, Алаштың баласына* сөз тіркестері қазақ жастарының надандықтан аулақ болу керектігін көздейді. Қазақ жұртының балаларының сыртқы түр-сипатына қарап, алданудан аулақ болуға шақырады. Автор *байғазы алған балаларша* теңеуін ұтымды қолданған, бұл теңеу арқылы саған көмек ұшын созған адамдарға сеніп, ақылға таразыламай шешім қабылдау қате екендігін баяндайды. Автор *қорыққанға қос көрініп, қойдай үркіп* фразеологиялық тіркесін надандық фреймінің мазмұнын тереңдете түсу үшін қолданған.

Сары шымшық мысалы. Бұл мысалдың сюжеті өте қысқа, әрі қызықты. Сары шымшық теңізді өртей алатынын айтып мақтанып, ел-жұртқа осы хабарды жаяды. Бұны естіген құстар теңізден ұшып кетеді, ал аңдар *тамашаны көреміз* деп жан-жақтан жиналады. Алайда, сюжет шешімі бойынша шымшық теңізді өртей алмайды, тіпті қайната да алмайды. Сары шымшық теңізге: «*Қап, бәлем, тоқтай тұр!*»- деп ренжіп қайтып кетеді. Ақын сары шымшық арқылы қолдан келмес іске ұмтылатын мақтаншақ, өзіне шектен тыс сенімді, жұртты алдайтын адамдардың мінез-құлқын мазақ қылады. Қандай керемет идея, тың баяндау. Бұл мысал өлең арқылы адам концептісінің мазмұнын толықтыратын *мақтаншақтық, қолдан келмес іске ұмтылу* сынды қасиеттерді қызықты сюжет пен идея арқылы жеткізеді.

Келесі мысал өлең *Шымшық пен көгершін* жайлы. Оқиға желісіне бастау болған шымшықтың торға түсіп, өзгелерден көмек күтіп, шарасыз жағдайға тап болуы. Сол мезетте жас көгершін ұшып келеді де, торда отырған шымшыққа ұрыса бастайды, шымшықтың күнәсін бетіне басып айтып қана қоймай, өзінің еш уақытта тор түгіл, одан зорына түспесін сенімділікпен айтады. Алайда, көгершін көп ұзамай өзі торға түсіп қалады. Бұны көрген шымшық біреуді табалап күлуге болмайтынын айтады.

Бұл мысалдан қазақтың дүниетанымының даналығын, өмір тәжірибесінің молдығын аңғарамыз. Себебі *біреуге күлсең – алдыңа сол келеді* деген мақалды бекерден-бекер шығармаған. Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың танымына, өмір сүру салтына сәйкестендіре мысалды аударғандығын білеміз. Осы мысал арқылы адам концептісінің тәрбиелік қырын мақал-мәтел арқылы жеткізуді көздеген. Бір мысалға қаншама ой сыйғызып, үлкен мән-мағына қызметін сіңірген. *Біреуге күлсең – келер өз басыңа* деген ауыспалы мағынада қолданылып тұр. Біреуге жамандық жасамау қажеттігін, тіпті жамандық ойламау керек деген идеяны меңзейді. Уақыт өте келе, оның өз салдары мен зардаптары болады. Ақын осы мысалдың сюжетін үлгі ретінде ұсына отырып, өзгелерден мін іздеп, сынаудан бұрын, өзінің іс-әрекеттеріне назар аударып, өзімен күресу керек деген тәрбиелік қызметті ашып көрсетеді.

Біреудің жағдайы кез-келген уақытта сенің басыңа түсуі мүмкін екендігін, одан ешқайсымыз сақтанбағандығымызды көре аламыз. Байқағанымыздай, авторлық қолданыстағы *Алланың адам басы - добы және Жазмыштан озмыш болмас* сынды мақалдарды мысал өлеңде қолдану арқылы сюжеттің толыққанды мазмұнын аша түседі.

Өзен мен Қарасу мысалы. Автор Қарасу образын пайдаланып, қазақ халқын сынап, дұрыс жолға бағыттауға талпыныс жасайды. Ахмет Байтұрсынұлы бұл мысал арқылы үлкен астарлы мағынаны көздеген. Осы мысал арқылы адам концептісінің тәрбиелік мағынасын *еріншектіктен аулақ болу* фреймдік құрылымы арқылы сюжетте баяндайды. Яғни, еңбектен қашпай, жұмыс жасауға ұмтылу сені нағыз адам ретінде қалыптастырады. Жан-жағыңа көзінді салып, құнды уақытыңды текке өткізіп алмауға үндейді. Бұл ақылды еріккеннен емес, жаны ашығаннан айтады. Сол себепті *Өзен мен Қарасу* мысалынан сабақ алуға шақырады немесе Қарасудың күйін кешесіндер деп ашық меңзейді.

Қорытынды

Қорыта келе, А.Байтұрсынұлының *Қырық мысал* жинағында адам концептісінің танымдық қызметі талданды. Адам концептісінің мәнін ашатын бірнеше ойсуреттер жинақталды. Ойсуреттер аллегориялау тәсілі арқылы берілген. Олардың көбісі қасқыр, маймыл, арыстан, есек сынды жан-жануарлар арқылы берілсе, кейбірі бұлт, өзен, емен, бөшке сынды жансыз заттар арқылы беріліп отырған.

Адам концептісінің фреймдік құрылымына келер болса, олардың көбісі *ауызбіршілік, бірлік, еріншектік, надандық, мақтаншақтық, өз әлінді білу, дүниеқоңыздық* арқылы берілген. Олардың барлығы өзіндік жақсы бағыттағы тәрбиелік қызметтер атқарады.

Сонымен қатар, адам концептісінің мазмұнын ашатын авторлық қолданыстар мен нақыл, мақал-мәтелдер көптеп қамтылған. Мысалы, *кейбіреу зор бейнетке тап болады; кей уақыт аз бейнеттен қашамын деп, біреуге қысылғанда жәрдем бермек; біреудің шылауында жүріп текке; көп білетін адамнан сұрама, көп көргеннен сұра; қорыққанға қос көрініп, қойдай үркіп; біреуге күлсең – алдыңа сол келеді; Жазмыштан озмыш болмас; Алланың адам басы – добы; Жақсылықты басыңа қыл, басыңнан асса, досқа істеңіз; Асыл – таста, ақыл – жаста; Не ексең, соны орасың* сынды мысалдарды атап өте аламыз.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы қарсаңында Алаш қайраткерінің шығармаларын ғылыми айналымға түсірдік. Ақынның мысалдарын талдай отырып, оның өз ғұмырын қазақ қоғамында саналы азаматтарды қалыптастыруға арнағанына көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Воркачев С.Г. Лингвокультурный концепт. – Волгоград: ВолГУ, 2007.– 400 с.
- [2] Маслова В.А. Лингвокультурология.– М.: Академия, 2004. – 208 с.
- [3] Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 480 б.
- [4] Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы. – Алматы: Арда, 2007– 296 б.
- [5] Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. – М.: Академический проект, 2001.–990 с.
- [6] Қирабаев С. Шындық және шығарма. – Алматы, 1981. – 320 б.
- [7] Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
- [8] Байтұрсынұлы А. Жан сөзімді кім түсінер. – Алматы, 1995. – 112 б.

REFERENCES

- [1] Vorkachev S.G. Lingvokul'turnyj koncept (Linguocultural concept). Volgograd: VolGU, 2007. 400 p. [In Rus.]
- [2] Maslova V.A. Lingvokul'turologija (Linguoculturology). M.: Akademija, 2004. 208 p. [In Rus.]
- [3] Isimaqova A. Alaş ädebiettanuy (Alash literary criticism). Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 2017. 480 p. [In Kaz.]
- [4] Äbdimanūly Ö. Ahmet Baitürsynūly (Ahmet Baitursynov). Almaty:Arda, 2007. 296 p. [In Kaz.]

- [5] Stepanov Ju.S. Konstanty. Slovar' russkoj kul'tury (Constants. Dictionary of Russian culture). M.: Akademicheskij proekt, 2001. 990 p. [In Rus.]
- [6] Qirabaev S. Şyndyq jäne şyğarma (Reality and fiction). Almaty, 1981. 320 p. [In Kaz.]
- [7] Baitürsynūly A. Alty tomdyq şyğarmalar jinağy. 5-tom (A six-volume collection of works. Volume 5.) Almaty: El-şejire, 2013. 384 p. [In Kaz.]
- [8] Baitürsynūly A. Jan sözımdı kım tūsıner (Who will understand my words?). Almaty, 1995. 112 p. [In Kaz.]

КОГНИТИВНЫЙ АСПЕКТ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

*Досова А.Т.¹, Испандиярова А.Т.²

*¹к.ф.н., ассоциированный профессор Костанайского регионального университета имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан,

² докторант Костанайского регионального университета имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан,

*¹e-mail: almdosova@mail.ru

² e-mail: ispandyarovaa@mail.ru

Аннотация. Изучение богатого наследия Ахмета Батурсынова является одной из важнейших тем казахстанской науки в XXI веке, потому что в произведениях поэта отражены реалии казахской нации, жизнь, вера в будущее.

Цель исследования заключается в изучении функции концепта человека, определяющей когнитивный характер произведений поэта. Объектом исследования являются стихи, входящие в сборник «*Қырық мысал*». Образ человека раскрывается с помощью концептуального анализа – ментальные образования. Автор описывает хорошие и плохие качества людей общества методом аллегории. Концепт *человек* в стихотворениях поэта отражен в фреймах *высокомерия, осознания собственной неполноценности*.

Сборник «Қырық мысал» Ахмета Байтурсынова можно оценить как труд, включающий в себя такие принципы жизни казахского народа, как национальное мировоззрение, воспитание, мораль. Заключительные мысли в конце каждого стихотворения поэта направляют читателя на отвращение к дурным качествам.

Изучение формирования представлений о человеке в казахском мировоззрении через концептуальный анализ языка произведений А. Байтурсынова определяет теоретическую значимость исследования. Теоретический результат работы может быть использован в таких курсах, как когнитивная лингвистика, этнолингвистика, лингвокультурология, лингвистика текста. Также может использоваться в качестве вспомогательного материала на практических занятиях по дисциплинам «Стилистика и культура речи», «Лингвистический анализ художественного текста».

В сборнике рационально использованы авторские окказиональные языковые единицы для придания языку произведения стилового оттенка и эмоционального колорита. Автор через эти языковые единицы сумел изобразить человека с поэтическим мастерством, присущим только ему. Рассматривая когнитивный аспект произведений поэта, мы убедились в том, что поэзия автора отражает национальный характер, мировоззрение казахского народа.

Ключевые слова: язык, текст, концепт, национальное мировоззрение, мысль, фрейм, когнитивная лингвистика, образ человека

COGNITIVE ASPECT OF AKHMET BAITURSYNOV'S WORKS

* Dossova A. T.¹, Ispandiyarova A. T.²

*¹c.f.s., associate professor, A.Baitursynov Kostanay Regional University,

Kostanay, Kazakhstan,
² doctoral student A.Baitursynov Kostanay Regional University,
Kostanay, Kazakhstan,
*¹e-mail: almdosova@mail.ru
² e-mail: ispandyarovaa@mail.ru

Abstract. The study of the rich heritage of Akhmet Baitursynov is one of the most important topics of Kazakh science in the 21st century. Because the poet's works reflect the realities of the Kazakh nation, life, faith in the future.

The purpose of the study is to study the function of the human concept, which determines the cognitive nature of the poet's works. The object of the study is the poems included in the collection *Kyryk mysal*. The image of a person is revealed with the help of conceptual analysis - mental formations. The author describes the good and bad qualities of the people of society by the method of allegory. The concept of man in the poet's poems is reflected in the frames of arrogance, awareness of one's own inferiority.

The collection *Kyryk mysal* of Akhmet Baitursynov can be assessed as a work that includes such principles of the life of the Kazakh people as the national worldview, education, morality. The final thoughts at the end of each poem of the poet direct the reader to disgust for bad qualities.

The formation of ideas about a person in the Kazakh worldview through a conceptual analysis of the language of A. Baitursynov's works determines the theoretical significance of the study. The theoretical result of the work can be used in such courses as Cognitive Linguistics, Ethnolinguistics, Cultural Linguistics, Text Linguistics. It can also be used as an auxiliary material in practical classes in the disciplines Stylistics and culture of speech, Linguistic analysis of a literary text.

The collection rationally uses the author's occasional language units to give the language of the work a stylistic shade and emotional coloring. The author, through these linguistic units, managed to portray a person with poetic skill, inherent only to him. Considering the cognitive aspect of the poet's works, we were convinced that the author's poetry reflects the national character, worldview of the Kazakh people.

Keywords: language, text, concept, national outlook, thought, frame, cognitive linguistics, image of a person

Статья поступила 25.03.2022